



ӘОЖ 94 (574)

ГТАХР 03.20

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.96(4).102

¹Мамырбеков А.М., *²Жәнібек М.М., ³Оспанова А.К¹ Калгари университеті, Калгари, Канада² Әлихан Бөкейхан университеті, Семей, Қазақстан³Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейі, Астана, Қазақстан

*Корреспондент-авторы: m.zhanibekov@gmail.com

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ МҰРАСЫ: ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН МӘДЕНИ ИНТЕРПРЕТАЦИЯНЫҢ ТОҒЫСУЫ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Семей ядролық сынақ полигонының әдебиет пен өнер туыныларында бейнеленуі тарихи дискурс әдісі негізінде қарастырылады. Ядролық сынақтың қоғамға тигізген салдары мен тарихи жадыны қалыптастырудағы рөлі шығармашылық интерпретация тұрғысынан талданған. Семей ядролық сынақ полигонына арналған көркем шығармаларға, деректі фильмдерге және бейнелеу өнер туындыларына талдау жасау. Зерттеуде тарихи нарративті талдау, интертекстуалдық талдау және компаративистикалық (салыстырмалы) әдістер арқылы ядролық полигон бейнесі қандай контекстте және қандай мағыналық бағытта қолданылғаны және олардың тарихи- мәдени маңыздылығы анықталды. Аталған ғылыми әдістер Семей полигонының өнер туындыларындағы бейнесі мен тарихи шындық арасындағы байналысты ғылыми негізде талдауға мүмкіндік берді. Мақалада келтірілген көркем мәтін интерпретациясы мен пайымдау мәселелері әдебиеттану және герменевтика ғылымдары негізінде зерттелді. Эмоционалды реакция тудыратын сынақ тәжірибесін түсінуге бағытталған деректі фильмдерге де шолу жасалынған. Әдеби шығармалар, көркем сурет туындылары мен кинотуындылар зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастырылған. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау үшін әдеби еңбектер сараланып, бірнеше бағытқа жіктеп ұсынылған. Семей ядролық полигон тарихы мен оның өнердегі бейнеленуін зерттеу қоғамның тарихи жадысын жаңғыртуға, мәдениетаралық диалогты нығайтуға және тарихи әділеттілікке жетуге ықпал етеді.

Кілт сөздер: Семей сынақ полигонының тарихы; тарихи жады; көркем әдебиет; бейнелеу өнері; ядролық сынақ.

Kіpіcne

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қазақстан территориясы Кеңес Одағы аумағындағы ядролық қару сынақтарының алғашқы орталығына айналды. 19 000 км² аумақты қамтыған ядролық сынақ аймағында Кеңес Одағы шамамен 460 жер үсті және жер асты ядролық қару сынағын өткізді. Солардың бесеуі сәтсіз аяқталып, қоршаған ортаға плутонийдің таралуына әкелді. 1961 жылдан бастап



300-ден астам жарылыс жер астында өткізілді. Алайда, олардың он үшінде радиоактивті газдардың атмосфераға шығуы тіркелді [1]. Аталған тарихи деректерден бұл сынақ аймағының көлемді, әрі миллиондаған адамның денсаулығына, экологияға тигізген зиянын көруімізге болады. Қазақстанның шығысында жасалған бұл ядролық сынақтың адам өмірі мен табиғатқа тигізген салдары бүгінде халықаралық деңгейде мойындалып, ғылыми зерттеулердің негізгі объектісі болды.

Семей ядролық полигоны уақыт өте келе нақты шекарасы жоқ экологиялық және гуманитарлық трагедияның символына айналды. Бұл трагедия әдебиет пен өнерде өз орнын тапты. Ядролық сынақ полигоны массалық мәдениетке үлкен әсер етті: музыкалық шығармалар, поэзия, романдар жазылды, тарихи деректі фильмдер түсірілді. Ақын-жазушылар, суретшілер мен киногерлер өз шығармалары арқылы ядролық апаттың ауқымын түсіну үшін және ядролық сынақтан зардап шеккен адамдардың рухани жан дүниесіндегі күйзелістері мен төзімділігін өнер туындылары арқылы түсіндіруге, бейбітшілік пен гуманизмге шақыруға ұмтылды.

Көркем әдебиет пен өнер тек тарихи деректі айғақтардың, нақты оқиғалардың айнасы ғана емес, саяси күштердің құрбанына айналған экологиялық апаттың қасіретін, тереңдігін, нәзіктігін түсінуге көмектесетін негізгі құрал болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда әдеби жандрағы проза, поэзия және көркем сурет өнері мен кинотуындылар ядролық сынақ полигондағы тарихи оқиғаларға көркемдік интерпретация призмасы арқылы эмоционалды тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл туындылар ядролық сынақ құрбандары мен зардаптарын есте сақтауға, олардың маңыздылығын түсінуге, табиғатты құрметтеуге және болашақта мұндай қайғылы оқиғалардың алдын алу қажеттілігін еске салуда маңыздылығы жоғары.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің әдістемесі ретінде интертекстуалдық талдау, контент-талдау және компаративистикалық (салыстырмалы) әдістер қолданылды. Иконографиялық құжаттарды талдау және интертекстуалдық талдау арқылы әдебиет пен өнер туындыларында Семей ядролық полигонының бейнесі қандай контексте және қандай мағыналық бағытта қолданылғаны анықталды. Сондай-ақ, интертекстуалдық талдау полигон тақырыбына арналған туындылар арасындағы өзара байланыстарды тереңдей зерттеп, ортақ идеялар мен мотивтерді анықтауға мүмкіндік береді. Контент-талдау арқылы полигон тақырыбындағы әдебиет пен өнердегі деректілік пен көркем интерпретацияның үлесі айқындалды, мәтіндер мен көркем сурет өнеріндегі идеялар, ұғымдар, кейіпкерлер мен мотивтер зерделенді. Сонымен қатар, әдебиет пен өнер туындыларындағы тарихи фактілер мен көркем қиялдың өзара байланысын қарастыру мақсатында компаративистикалық әдіс қолданылып, шығармалар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар салыстырмалы түрде талданды. Зерттеуде әдеби шығармалар, көркем өнер туындылары басты зерттеу нысаны ретінде пайдаланылды.

Ядролық сынақтың адамзатқа және қоршаған ортаға тигізген әсері гуманитарлық зерттеулерде көрініс тапты. Көркем әдебиетте ядролық сынақ



тақырыбы Семей аймағының тұрғындарына және жалпы қазақ халқының тағдырына әсер еткен ауыр әлеуметтік және психологиялық мәселелерді көрсететін көркем туындыларда талданған. Мақалада осы тақырып аясында зерттеу жүргізген, шығармаларын арнаған тарихшы, жазушылар К. Бозтаев «Семей полигоны. Қайнар Қасіреті» [2], деректанушы, зерттеуші М. Сәрсекенің «Семей қасіреті: деректі тарихи хикаят» [3] тарихи еңбегі, орыс тілді жазушылар Е. Титаев «Журавли на полигоне» [4], А.Д.Жариков «Полигон смерти» [5], В.Г.Кобрин «Семипалатинская трагедия: пацифистский сборник» [6], Ю. Литвак «Семипалатинск – ядерный полигон» [7] т.б шығармаларында көркемдік шындықтың деректілікпен үйлесуіне назар аударылып, ядролық сынақтардың ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына тигізген ықпалы қарастырылған. Жоғарыда аталған көркем әдебиет шығармалары ядролық сынақтың адамгершілік пен табиғатқа зиянын көркем түрде бейнелеу арқылы Семей сынақ полигонын әдебиеттану, мәдениеттану және экологиялық зерттеу салаларының маңызды нысанына айналдырды.

Кеңестік кезеңде Семей ядролық сынақ полигонына қатысты жазылған көркем шығармалар саяси себептермен қатаң цензурадан өткізіліп, жариялауға мүмкіндік берілмеді. Аталмыш кезеңде ядролық сынақ туралы жазылған көркем туындының бірі Бекежан Тілегеновтың «Қара жел» романы [8], Р. Нұрғали «Үш аяқты құлын» [9], С. Оразалин «Сталин өлген жыл» [10] шығармалары атауға болады. Көркем шығармаларда Семей аймағындағы ядролық сынаққа ұшыраған адамдардың күйзелісі, табиғаттың тартқан зияны көркем әдебиет тілімен суреттеледі.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен бірнеше көркем, тарихи шығармалар жариялана бастады. Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көркем туындылар Сәуле Досжанның «Қасірет пен тағдыр» [11] және «Үзілмеген үміт» [12], Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» [13] романы және т.б.

Проза жанрында жазылған еңбектер тізімінде: Н. Ораздың «Жылқының көз жасы» [14], Думан Рамазанның «Соңғы дем» [15] шығармасы. Поэзия жанрында жазылған туындылар: Ақын Ұ. Есдәулеттің «Заман-ай» [16], Т. Әбдікәкімовтың «Қара дала» өлеңі [17] және Абыралыдан шыққан ақын Б. Жақыптың «Жан дауысы» [3] поэмасында Семей полигонының адамзатқа тигізген ауыр зардаптары мен экологиялық, әлеуметтік салдарлары баяндалады.

Ядролық сынақ тақырыбы бірнеше кино фильмдерде және бейнелеу өнерінде көрініс тапты. Мақалада К. Күйіковтың және К. Муллашевтың картиналарына талдау жасалынды. К. Күйіков шығармалары Қазақстан аумағынан тыс, халықаралық деңгейде жоғары бағасын алған көркем туындылардың бірегейі. Авторлар бейнелеу өнері арқылы Семей полигонын экологиялық апат, жаһандық қауіпсіздік және бейбітшілікті сақтау мәселелерімен байланыстыра отырып, ядролық сынақтардың этикалық және гуманистік аспектілеріне ерекше мән береді.

Ядролық сынақ салдарын киногогерлер (режиссерлер) психологиялық, философиялық, рухани тұрғыда адамзаттың ауыр тағдырын кинотуындылар арқылы интерпретациялауға тырысқан. Жарылыс сәтін, ядролық сынақ салдарын бейнелейтін деректік-құжаттық фильмдер «Ядерный полигон, Опыт, «Where



The Wind Blew» , 50 часов в самом ядерном месте на Земле (стерто с карт)» және көркем фильмдер: Молитва Лейлы, Полигон т.б фильмдерінде ядролық сынақ тарихы мен сынақтан зардап шеккен азаматтардың тағдыры бейнеленген.

Зерттеу нәтижелері

Семей полигонының трагедиясы әдебиетте көп қырлы, терең философиялық және экологиялық мәселе ретінде қарастырылған. Ядролық сынақ қазақ әдебиеті мен өнеріне ерекше бағытты қалыптастырды. Ақын-жазушылар бұл трагедияны тек тарихи оқиға емес, экологиялық апат ретінде адамның өміріне, табиғатқа, қоғамға жасалған қиянаттың көрінісі ретінде бейнелеген. Ядролық сынаққа қатысты жазылған көркем әдеби шығармалардың сюжеті бір-біріне өте ұқсас болып келеді. Сынақ салдарын бейнелеген көркем шығармаларда жазушылар адамзаттың апат алдындағы дәрменсіз күйін, табиғаттың жойылуын, сынақ құрбандарының тағдырын суреттейді. Көркем туындының негізгі мазмұны мен құрылымы: ядролық сынақтың әлеуметтік, психологиялық, экологиялық зардаптарын кеңінен талдау арқылы, ядролық қарудың зардаптарын ашып көрсету. Семей полигонының зардаптары әдеби шығармаларда әртүрлі жанрлар мен бағытта көрініс тапқан.

Семей полигоны ядролық сынақ тарихына қатысты жарыққа шыққан алғашқы әдеби еңбектердің бірі Кешірім Бозтаевтың «Семей полигоны. Қайнар қасіреті» [2] еңбегі. Кітапта, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жария болмаған тың мәліметтер ұсынылған және Семей полигонының құрылуы, ядролық сынақ тарихы мен сынақтың адамның физикалық және психологиялық жағдайына, табиғат пен қоғамға тигізген әресі кезең-кезеңімен баяндалады. Сондай-ақ, халыққа ядролық сынақтың, радиоактивті ластану салдарынан туындаған түрлі аурулардың адам генетикасына тигізген әсері нақты ғылыми мәліметтермен, жеке көзқарасын білдіре отырып сипатталады.

Семей облысының бұрынғы хатшысы, Қазақстан Халық Академиясының академигі Кешірім Бозтаевтың өмірі Семей сынақ полигонымен тікелей байланысты. К. Бозтаев КСРО әскери-өнеркәсіп кешенінің қарсылығына қарамастан, М. Горбачевтің атына шифрограмма жолдап ядролық сынақтардың тоқтатылуын талап еткен, 1991 жылға дейін үздіксіз күрес жүргізген алғашқы саяси қайраткердің бірі. К. Бозтаев саяси күресін ядролық сынақты тоқтатумен шектелмей 1992 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау» туралы заңының қабылдануына, ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен тұрғындарды медициналық оңалту бағдарламасын жасауға бастамашы болды [18].

«Семей полигоны» еңбегінде оңалту орталықтарының (диагностикалық орталық, балалардың денсаулығын қалпына келтіру орталығы, офтальмологиялық орталық, ананы қорғау орталығы, халықтық және дәстүрден тыс медицина орталығы, радиациялық медицина және экология институты, көпсалалы емдеу-диагностикалық кешені, денешынықтыру-сауықтыру кешені) [2] қызметіне жекеше тоқталып, орталықты құрудағы негізгі идеяларымен бөліседі. Көпсалалы емдеу-диагностикалық кешенін ашу туралы алғашқы бастамаларын К. Бозтаев



еңбегінде былайша баяндайды «...Кешенді іске қосу халыққа жоғары мамандандырылған медициналық қызмет көрсету мәселесін шешуге және медициналық көмектің арнайы түрлерін, тұтастай алғанда медицина ғылымымен жақындастыру негізінде дамытуды, медицина кадрларын даярлауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай кешен салу туралы ой облыстық денсаулық сақтау ісінің жағдайымен танысқан соң пайда болған. Бесжылдық жоспарда мұндай құрылыс қарастырылмаған болатын. Ол кезде мұндай үлкен құрылысты тұрғызу бесжылдық жоспарлар шеңберінде және ССРО Мемлекеттік жоспарлау Комитетінің кабинеттерінде шешілетін..[2, 164]

Кітаптың ғылыми тұрғыда маңызды аспектісі - автор ғылыми-тарихи мәліметтерді, статистикалық деректерді пайдалана отырып, ғылым және көркем әдебиет тілін тепе-теңдікте ұстауға тырысқан. Бұл еңбек тарихи дерек ғана емес, ядролық қарудан бас тарту идеясын насихаттайтын, қазақ әдебиетіндегі, полигон тарихына арналған маңызды, әрі алғашқы тарихи-әдеби туынды болып табылады.

Семей ядролық сынақ полигоны туралы жазылған келесі тарихи- көркем еңбек Медеу Сәрсекенің «Семей қасіреті» деректі тарихи хикаяты [3]. М. Сәрсеке бұл тарихи көркем шығарманы жазу себебін былайша түсіндіреді: «..1995 жылдан беріде 2-ші топтағы мүгедекпін. Сынақ салдарынан жақын адамдарымнан айырылдым. Дегелең мен Балапан аймағынан қыр еліне дамылсыз тараған зиянды нуклидтерден айықпас ауруға ұшыраған жерлестерімді, бозбала жігіттердің өзіне-өзі қол жұмсаған қасіретін, анасы құрсағынан шалажансар туған мүгедек бүлдіршіндерді жиі көрдім, сондықтан бұл тақырыпқа бейжай қарай алмаймын [19], - дейді жазушы.

Тарихи шығармада бірінші сутегі бомбасы жарылған сәттен бастап халықтың зардап шеккен ауыр зардаптарына архив деректері негізінде талдау жасалынған. Жергілікті халықтың берген сұқбаттары жүйеленіп, ядролық сынақтың құрылымы, полигонға қатысты деректер ғылыми негізде дәлдікпен түсіндіріліп, тарихи-философиялық тұрғыдан тұжырымдар жасалынады. Энциклопедиялық сипаттағы бұл тарихи еңбекте Семей ядролық сынақ тарихына қатысты жазылған көркем шығармалар¹ мен тарихи романдар және тарихи монографиялар басшылыққа алынып, ядролық сынаққа қатысты ақпараттар жүйелі түрде ұсынылған. Тарихи көркем шығарма Кеңес одағындағы ядролық сынағын тарихи дәлдікпен сипаттағаны үшін құнды.

«Семей қасіреті» кітабы қоғамдық маңыздылығы жоғары туынды. Бұл шығарма Семей полигонының ядролық сынақтардың ауыр зардаптарын қоғамға жеткізуге, сондай-ақ қазақ халқының тарихи қасіретін әлемге танытуға бағытталған. Көркем тарихи еңбек ядролық қарудың қауіптілігін және адамзат үшін қандай ауыр салдарлар әкелетінін түсінуге ықпал етеді.

Семей полигоны туралы жазылған көркем туындының бірі жазушы-драматург Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» шығармасы [13]. Бүгінде көркем туынды желісі бойынша пьеса және кинотуынды (Молитва Лейлы, 2002)

¹ Дәрігер, жазушы Қанат Абдрахмановтың «Қазақстандағы ядролық қарудың адамзатқа зауалы» еңбегі, Мүтән Аймақовтың «Көргендерім» кітабы, С. Б. Балмұханов «Ядролық полигон менің көзіммен» еңбегі, Бақия Атшабаров «Семей ядролық полигоны туралы, адасу, өтірік пен ақиқат»¹ Есенқұл Жақыпбеков «қарауыл қайғысы» поэмасы,¹ еңбектері басшылыққа алынған.



түсірілген. Пьеса алғаш рет 1996 жылы М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында қойылды. Пьеса режиссері Болат Атабаев. «Мәңгілік бала бейне» туындысының пайда болуы тарихы да ерекше. Автор Семей өлкесінде туылып, мүгедек болған жандардың суреттері қойылған фотокөрмені аралап жүріп, қасірет пен мұңға толы аналар мен балалар бейнесінің арасынан назары бір кішкентай қыздың суретіне түседі. Шамамен, 5-6 жастағы бүлдіршін қыздың көзінен үлкен қасіретті көруге болатындай. Суретке жақындай бергенде, жазушы «Еңлік. Оның жасы 14-те» деген астындағы жазуды оқиды. Түр-әлпеті жас баладай, ал аяқ-қолы өскен қыз жүзі мәңгілік бала бейнені сақтап қалған. Мүгедек қыздың жанары қатты әсер етіп, осы көркем туынды өмірге келеді [20]. Көркем туындыда автор бір ғана Ләйләнің тағдырын мысалға ала отырып, Семей ядролық сынақ полигонының халыққа тигізген зардабы мен сынақтан зардап шеккен адамдардың трагедиясы, олардың өмірі мен жан дүниесі суреттеледі.

Шығармашылығын ядролық сынақ полигонына арнаған жазушының бірі - Сәуле Досжан. Жазушының «Қасірет пен тағдыр» романы [11] көркем әдеби тілмен жазылып, тарихи деректерге негізделген шығарма. Кітап, социалистік режим саясатынан зардап шеккен Семей өңіріндегі полигон құрбандарына арналады. Романда полигонның әсерінен жолдасынан және қызынан айырылған қазақ әйелінің басынан өткен қиын тағдыры баяндалады. Автор бұл трагедияны тек бір аймақтың ғана емес, барша қазақ халқының қасіреті ретінде суреттейді. Жазушы кейіпкердің ауыр тұрмысын, аурулар мен өлімнің көбеюін, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан денсаулық мәселерін ашып көрсетеді. Семей полигонының әлеуметтік зардаптары, халықтың денсаулық жағдайы, жаңа туылған балалардың туа біте ауытқулары, жұмыссыздық пен кедейлік сияқты мәселелер көркем түрде бейнеленген. Автор полигон зардабын ғана емес, осы жағдаймен күрескен халықтың төзімділігі мен күрескерлігін әдеби тұрғыдан бейнелейді.

С. Досжанның «Қасірет пен тағдыр» романының жалғасы негізінде жазылған екінші көркем туындысы «Үзілмеген үміт» [12] романы. Бұл кітап «Қасірет пен тағдыр» романындағы басты кейіпкерлердің сынақтан кейінгі тағдыры суреттеледі. Кітапта үзілмеген үміт пен күдік арасындағы күресі, ядролық сынақтардан кейінгі болашаққа деген сенімі мен үміті қарастырылады. Сондай-ақ, ядролық сынаққа ұшыраған адам тағдыры мен шыдамдылығы, болашаққа деген үміті көркем әдеби тілімен суреттеледі. Романда адам тағдырының қанша қиыншылыққа ұшыраса да үміттің үзілмеуі, адамзаттың болашаққа деген сенімі мен күресі сипатталады.

Семей полигонына қатысты орыс тілінде жазылған көркем туындылар

Семей полигоны туралы орыс тілді әдеби шығармаларда ядролық сынақтың экологиялық, әлеуметтік және психологиялық зардаптары кеңінен талданған. Авторлар адамның ядролық апаттармен бетпе-бет келгендегі қандай ішкі психологиялық күйде болатынын көрсетуге ұмтылады. Ядролық сынақ салдары тек физикалық емес, адамгершілік, моральдық және психологиялық жағынан да өте ауыр екенін көркем әдебиет тілімен түсіндіреді.

Семей полигонына қатысты көркем туынды жазған жазушылардың бірі - Евгений Титаев. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Е. Титаев Семей қаласының тумасы және полигонда қызмет жасаған медициналық



қызметкерлердің бірі. Е. Титаевтың өмірі, қызметі полигонмен тікелей байланысты болды. Семейде Медициналық училищені және Семей педагогикалық институтының филология факультетін бітірген Е. Титаев 1977 жылы КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің №4 Бруцеллезге қарсы диспансерінің қызметкері, полигонда фельдшер болып жұмыс атқарады [21]. Полигонда қызмет жасаған жылдардағы халықтың, ядролық сынақ құрбандарының ауыр тағдыры «Журавли на полигоне» [4] атты прозасында көрініс тапқан. «Журавли на полигоне» шығармасы Семей полигонының ауыр кезеңдерін сипаттайтын шынайы өмірден алынған, нақты деректерге негізделген философиялық туынды. Автор полигонда қызмет жасаған жылдардағы жеке тәжірибесін ескере отырып, полигон қызметкерлерінің және сол маңдағы ауыл тұрғындарының ауыр тағдырын баяндайды, ядролық сынақтың адам өміріне және қоршаған ортаға тигізген әсерін көркем әдебиет тілімен суреттейді. Шығармада полигон тек географиялық орын емес, адамзатқа төнген қауіптің және экологиялық апаттың белгісі екендігін және адамдардың тағдырын қиратқан кеңістік трагедиясы екенін көрсетеді. Полигон өмірді қасіретке толтырса да, шығармада адам рухының беріктігі, өмір сүруге деген күштарлығы көрсетіледі. Автордың шығарманы жазудағы негізгі мақсатының бірі – бұл оқиғаларды ұмытпауға шақыруы. Автор Семей ядролық сынағының жеке тұлғаға, отбасы мүшелеріне және бүкіл қоғамға тигізген теріс әсерін өте әсерлі және шынайы түрде бейнелеген. Шығарма лирикалық баяндау стилінде жазылған. Е. Титаев өткен шақтағы оқиғаларды еске алып, өз естеліктерін қазіргі заманның көзімен бағалайды. Шығармада полигон құрбаны болған Сонечка мен тән азабын тартса да үмітін үзбеген қария туралы баяндалады. Шығарманың негізгі символы – тырналар. Олар өмірдің, үміттің және табиғаттың қайта жандануының белгісі ретінде бейнеленген.

Евгений Титаев өзінің жазушылық шеберлігі арқылы ядролық сынақтардың мыңдаған адамдардың тағдырын қалай өзгерткенін, ең қиын сынақтарды жеңуге үміт пен адамгершіліктің маңыздылығының жоғары екенін және полигон трагедиясын ұмытпауға, оның құрбандарына құрмет көрсетуге, болашақта мұндай қателіктерді қайталамауға шақырады.

Семей ядролық полигонына қатысты жазылған еңбектің бірі А.Д.Жариковтың «Полигон смерти. Экологический триллер» шығармасы [5]. Аталмыш шығармада атом және сутегі бомбаларының қатаң құпияда қалай дайындалғандығын және ғалымдар мен полигонда қызмет жасаған жұмысшы азаматтардың өз өзімін қатерге тіккендігі туралы баяндайды. Автор Семей полигонында өткізілген ядролық сынақтардың физикалық және психологиялық әсерін ашып көрсету арқылы, ғаламдық антиядролық пікір мен пацифистік ұстанымды насихаттайды. «Полигон смерти» шығармасы өзінің атымен-ақ оқырманға Семей полигонындағы ядролық сынақтардың адам өміріне, табиғатқа және қоғамға тигізген ауыр салдарын көрсетуді мақсат етеді. Шығармада Семей полигонында жүргізілген ядролық сынақтың салдарынан болған адам психологиясындағы өзгерістер мен табиғаттағы экологиялық дағдарыстар қарастырылады.



Еңбекте ядролық сынақтардың қоршаған ортаға тигізген зияны, полигонда тұратын халықтың денсаулығына және психологиялық жағдайына әсері суреттеледі. А.Д. Жариков Семей полигонында өткізілген ядролық сынақтардың адамдардың денсаулығына қаншалықты үлкен зиян тигізгенін ашып көрсетеді. Семей полигонында сынақтардың жүргізілуі кезінде жергілікті халық түрлі радиациялық сәулеленуге ұшырап, кейіннен қатерлі ісік, генетикалық ақаулар мен басқа да ауруларға шалдықты. Кітапта осы мәселелерге қатысты көптеген нақты фактілер мен статистикалық деректер ұсынылған, адамдардың қандай қасіретке ұшырағаны, олардың денсаулығына тигізген өшеусіз зиянын көрсететін оқиғалар баяндалған. Шығармадағы маңызды тақырып - экология мәселесі. Семей полигонының экологиялық жағдайы да өте күрделі, себебі радиацияның әсерінен жергілікті табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлар қатты зардап шеккен. А.Д. Жариков экологиялық дағдарыстың ұзақ мерзімді салдарларын көрсетеді, осы аймақтың болашағы, экосистеманың қалпына келу мүмкіндіктері туралы ой-пікірлерін ұсынады.

А.Д. Жариковтың шығармасында Семей полигонының тарихи маңызы да талқыланады. Кеңес Одағының ядролық сынақтарды жүргізудегі саясаты, оның Қазақстан мен оның халқы үшін қандай қасіреттерге әкелгені туралы жазушы маңызды мәселелерді көтереді. Автордың пікірінше, сынақтың жасырын жүргізілуі мен сынақ қаупі, алдын-алу жұмыстарының жүргізілмеуі, ядролық сынақ туралы ақпараттың берілмеуі халықтың наразылығын арттырған басты фактор болды. Бұл шығарманы тек әдеби туынды ретінде ғана емес, тарихи-танымдық еңбек деп те бағалауға болады. Автор шығармада тек тарихи оқиғаларды баяндап қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі заманның ең өзекті мәселелеріне, ядролық қарудың зардабы мен бейбітшіліктің қоғам үшін маңыздылығына философиялық тұрғыдан баға береді.

Семей ядролық сынағына арналған көркем шығарма ядролық қаруға қарсы қозғалыстың ардагері ретінде «Құрмет» орденімен марапатталған ақын В.Г. Кобриннің «Семипалатинская трагедия: пацифистский сборник» [6]. Еңбек Семей полигонында жүргізілген сынақтардың саяси, әлеуметтік және экологиялық салдарын, ядролық қаруды қолданудың зардаптарын ашып көрсеткен философиялық және антиядролық туынды. Ядролық сынақтан зардап шеккен адамдардың физикалық және психологиялық күйін ғана емес, сол аумақта тұратын қоғам мен табиғаттың күйзелісін де суреттейді. Кітаптың негізгі идеясы - ядролық қарудың апатты салдары туралы қоғамды кеңінен ақпараттандыру және әлемде бейбітшілікті қалыптастыру. Автор сынақтардың экологиялық зардаптары мен экосистемаларға тигізген кері әсерін, қоршаған ортаға тигізетін қауіп-қатерін айта келе, атомдық қарудан бас тартуға шақырады. Бұл туындыны оның пацифистік ұстанымы, әрі антиядролық қозғалысқа қосқан маңызды үлесі ретінде қарастыруға болады. Шығармада нақты кейіпкерлерді немесе оқиғаларды түсіндіруден гөрі, ядролық сынақтардың салдарын көрсету басымырақ. Автор ядролық сынақтардың салдарларын терең зерттеп, ғылыми деректер мен нақты мысалдар арқылы түсіндіруге тырысады.

Семей полигонына арналған прозаның бірі Ю. Литвактың «Семей – ядролық полигон» [7]. Шығармада экологиялық апат пен адам тағдыры



арасындағы байланыс көрсетіледі. Ю. Литвак шығармасында жеке тұлғалардың өмірі арқылы жалпы трагедияны суреттейді. Ядролық сынақтардан зардап шеккен адамдардың тағдырлары, олардың өмір сүруге деген ұмтылыстары баяндалған. Автордың Семей ядролық полигонына қызметке барар сапарындағы естеліктері мен 1961 жылғы ядролық бомба жарылысы басты оқиға ретінде сипатталады. Шығарма арқылы автор адам рухының мықтылығын, табиғаттың жаңаруға деген қабілетін суреттейді.


Ядролық сынақтың көркем интерпретациялары: бейнелеу өнеріне полигонның әсері

Көркем өнерде ядролық сынақ ұлттық болмыспен, қазақ халқының қасіретімен және табиғатпен терең байланыста қарастырылады. Жойылу мен өлім символикасы, фантастика мен абсурд элементтері арқылы суретші ядролық сынақтың жаһандық мәселесін және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін айқындап көрсетеді. Көркем бейнелеу өнері адамзатқа моральдық жауапкершілік жүктейтін негізгі құрал десек те болады.

Ядролық сынақтың адам өміріне, экологияға, қоғамға тигізген зардабы көптеген суретшілердің шығармашылығында көрініс тапты. Көркем өнерде сынақ салдарын бейнелеу арқылы суретшілер экологиялық, гуманитарлық мәселелерді адамзатқа жеткізуге және бейбітшілікті сақтаудың маңыздылығын түсіндіруге тырысты.

Семей ядролық сынағы мен оның адамзат пен табиғатқа тигізген әсерін өз шығармаларында бейнелеген суретшінің бірі - Камиль Муллашев. К.Муллашев: «.....Мен тарих жайлы көп ойланамын, сол себепті «образдар» арқылы көремін. Менің картиналарым- менің тарихты түсіндіруім, оған деген көзқарасым» - деп тарихи маңызды оқиғаларды көркем өнер арқылы өз сезімдерін және идеяларын жеткізетінін баяндайды. Тарихи оқиғаларды көркем сурет өнері арқылы жеткізу, өткенге тереңірек үңіліп, оны түсінуге және сабақ алуға мүмкіндік береді.

Камиль Муллашевтың Семей ядролық полигонына арналған ең танымал туындыларының бірі «Семейдегі атом жарылысы (1- сур.)». Картинада ядролық сынақтың адам мен табиғатқа тигізген әсері трагедиялық тұрғыда бейнеленген. Автор қараңғы, суық түстер мен абстракциялық фигуралар арқылы жарылыстың қаншалықты жойқын екенін жеткізеді. Туындыда зардап шеккен бейнелер, қираған табиғат көрінісі кескінделген. Суретші бұл туындысы арқылы ядролық сынақтың адамзат пен табиғатқа тигізген әсерін, қорқыныш пен қасіретін көрсеткен. Туындыдан тек ядролық сынақ салдарын ғана емес, адам жанына түсірген ауыртпалық та көрініс тапқан. Картинада Семей полигонының ауыртпалығы тек көркемдік тұрғыдан бейнеленіп ғана қоймай, қараңғы, салқын түстерді қолдану арқылы оқырманға ерекше психологиялық әсер қалдырады. К.Муллашев эмоцияны, символизмді және осы трагедияның ауқымын сезіну үшін көркем құралдарды сәтті пайдаланған. Картина арқылы автор қоғамның экологияға қатысты мәселелерде үлкен жауапкершілікпен қарауға және өткен қасіреттерді ұмытпауға және қоғамдағы адамгершілік, экологиялық сананың маңыздылығын түсіндіреді.



1-сурет К. Муллашевтың «Семейдегі атом жарылысы» картинасы.1990 ж. [23]

Қазақ бейнелеу өнерінде ядролық сынаққа ең көп туындысын арнаған суретшінің бірі, ядролық қаруға қарсы қоғам белсендісі - Кәріпбек Телтайұлы Күйіков.

К. Күйіков 1989 жылы «Невада-Семей» қозғалысы делегациясының құрамында болып, АҚШ, Германия, Жапония, Түркия елдерінде ядролық сынаққа қарсы арнайы ғылыми конференцияларға қатысқан, халықаралық антиядролық қозғалыстың белсендісі. К. Күйіков шығармаларында Семей ядролық сынақтың зардаптарын бейнелеген туындылар басым. Автордың картиналары Америка, Жапония, Германия, Түркия елдерінде халықаралық көрмелерге ұсынылған [24]. Өз шығармашылығы туралы К. Күйіков: «...Менің туындыларым, менің жан айкайым деп айтуға болады. Менің шығармашылығымда Семей полигон құрбандарының портреттері өте көп. Ядролық сынақ құрбанына айналған, азап шеккендердің бірнеше портреттер сериясын жасадым. Өз шығармаларым арқылы полигон аймағында өмір сүрген адамдардың қырық жыл бойы қалай азап шеккенін көрсеткім келді» [25], - деп тұжырымдайды.

К. Күйіков шығармашылығындағы маңызды туындының бірі «Жарылыс» картинасы (2 - сур.). Картинада автор Семей ядролық полигонында болған жарылыстың адамзатқа және табиғатқа әкелген зиянды әсерін бейнелейді. Бұл картина арқылы көрерменді күйзеліс пен шындықтың ауыртпалығымен бетпе-бет келтіріп, жарылыстың салдарынан туындайтын қорқынышты, әрі қасіретті жағдайды ұғындыруға тырысады. 2016 жылы аталмыш картинаны Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Ядролық қауіпсіздік саммиті» барысында АҚШ президенті Барак Обамаға сыйға тартқан [26].



2 -сурет К.Күйіковтың «Жарылыс» картинасы [27].

Картинада ядролық жарылыс фонында жоғарыға алақандарын көтерген адам бейнесі кескінделген. Қолдар бейбітшілік пен қорғануды бейнелейді, ал



фондағы жарылыс трагедияның символы. Жарылыс жарығы мен адамның қараңғы силуэті арасында контраст бар, бұл өмір мен өлімнің арасындағы күресті көрсетеді. Өртеніп, қираған жердің фонында, бүлінген табиғат көріністері суреттеледі. Қызыл, сары, қоңыр түстердің интенсивті қолданылуы жарылыстың ауқымын және оның жер бетінде қалдырған ауыр ізін көрсетеді. Картинада қолданылған қою қара және қызғылт түстерге көп мөлшерде контраст жасалуы адамға күйзеліс сезімін тудырады.

Күйген жер мен аспанға тараған қою түтіндер, ядролық жарылыстың апатты салдарының жер мен табиғатқа тигізген шексіз зиянын сипаттайды. Автордың туындыға «жарылыс» деп атау беруі бейбіт халықтың, тұтас экожүйенің қайғысы мен апатының көрінісі деп тұжырым жасауға болады.

К. Күйіков «Жарылыс» картинасы арқылы Семей сынақ полигонындағы жарылыстың тек физикалық емес, психологиялық және моральдық әсерін терең бейнелейді.

Автордың Семей полигонына арнаған келесі бір шығармасы «Полигон құрбандары» (3-сурет) Семей сынақ полигонында жүргізілген ядролық сынақтардың ауыр салдарынан зардап шеккен адамдардың трагедиясын көрсетуге арналған маңызды туынды. Картинада адамның психологиялық күйі мен табиғаттың күйзелісі көркемдік бейнелеу тәсілдермен айқын суреттеледі. Автор табиғат пен адамның байланысын көрсетіп, ядролық сынақтың екпінді, ауыр салдарын бейнелейді.



3-сурет. К. Күйіковтың «Полигон құрбандары» картинасы [29].

Картинадағы түстердің пайдалануында қара және сұр реңктер басым, бұл ядролық сынақтардың мұнды, әрі қайғылы әсерін білдіреді. Қызыл мен сары түстердің элементтері ядролық жарылыстың қатты әсерін және оның адамзатқа әкелген апаттық күшін көрсетеді. Бұл түстердің қоюлығы көрерменнің назарын тартуға бағытталған.

Туындыдағы бейнелерден қайғы мен үрей сезімдерін байқауға болады. Картина кейіпкерлерінің көздері мен бет-пішіндері ядролық сынақтың нәзік адам жанына әкелген ауырлығын сипаттайды. Кейіпкерлердің денелері мен киімдері күйіп бүлінген, бұл жарылыстың олардың денсаулығына, өміріне және болашағына әсерін айқындай түседі. Картинаның артқы фонында бейнеленген жарылыс бұлты полигон апатын және қоршаған ортаға тигізген зиянын көрсетеді. Ол ядролық қарудың қаншалықты қауіпті екенін айғақтайды. Алдыңғы қатарда тұрған кейіпкер және балалар - ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен



халықтың символы. Картинадағы кейіпкерлердің жүздеріндегі эмоциялар трагедияны білдіреді. Бұл туындының негізгі идеясы сынақ салдарын, оның тарихын ұмытпауға және болашақ ұрпаққа ядролық қарудан бас тарту керек екенін насихаттайды.

К. Күйіковтың Семей ядролық сынақ бейнесін көрсететін тағы бір туындысы «Радиоактивті балалық шақ» картинасы (4-сурет). Шығармада алаша кілем үстіндегі бесіктегі сәбиін тербеген қазақ әйелі бейнеленген. Бұл бейне атабабадан қалған салт-дәстүрмен жалғасқан бейбіт өмірді сипаттаса, картинадағы екінші бір көрініс алаңсыз отырған халыққа сыналған ядролық жарылысты көрсетеді. Суретші бейбіт сахна көрінісі мен апат символы арасындағы қарама-қайшылық арқылы, дәстүрлі қазақ өміріне зорлық-зомбылықтың енуін бейнелейді. Қазақи нақышта киінген әйел киімінің жеңіл және жылы реңктері оның кінәсіздігі мен дәрсенсіздігін және қайғы-қасіретке қарамастан мәдениетті сақтап, жақсы болашаққа үміт артқан қазақ анасының болмысын сипаттайды.



4-сурет К. Күйіковтың «Радиоактивті балалық шақ» картинасы [29].

Картинаның «Радиоактивті балалық шақ» деп аталуы полигонға жақын аймағында өскен балалардың физикалық ғана емес, эмоционалдық тұрғыдан қиындыққа ұшырағанын суреттейді. Туынды арқылы автор болашақ ұрпақтың өміріне із қалдырған ядролық сынақ зардаптарына назар аударта отырып, табиғат пен қоғамға қамқорлық жасау керектігін, ядролық сынақ қаупін маңыздылығын еске салады.

Полигонға арналған келесі бір шығармасы терең эмоциялық, философиялық мазмұндағы «Қоштасу сәті / Прощальный строн» (5 - сурет) картинасы. Бұл шығарма қоғам дағдарысын, адамның болашаққа деген көзқарасын бейнелейді.



5- сурет К. Күйіковтың «Қоштасу сәті. Прощальный стон» картинасы[29].

Бұл туындыны тіршілік ету, күрес және адамның теріс әрекетінің салдары ретінде түсіндіруге болады. Шығармада адамның өткен өмірімен қоштасуын, қиын сәттерді артқа қалдырып, жаңа бір кезеңге қадам басу мен жаңа өзгерістерге дайындығын бейнелейді. Суретте адамның эмоциялары, ішкі күйзелісі, қимылдары арқылы оның жаңа жолға, жаңа бастамаға ұмтылуы суреттеледі. Картинада ядролық жарылыс пен жалғыз адам силуэті бейнеленген. Автор картинасында әр элемент, әр сызық, түстердің қолданылу тәсілі көрерменге терең ой салады. Өткеннің ауыртпалықтары мен болашаққа деген белгісіз үміт арасындағы білінбейтін шекара көрсетілген. Бұл шығарма адамның өз өміріне, өткеніне және болашағына деген ерекше көзқарасын білдіретін терең өнер туындысы болып табылады.

К. Күйіковтың картиналарының барлығы дерлік гуманистік бағытта кескінделген. Автор барлық туындысында адам өмірі мен табиғат құндылығын жоғары қояды. Суретшінің полигонға арналған туындыларында кейіпкерлер бейнесі қиналған, ауыр күйде сипаттай отырып, өмір сүруге деген үмітін де көркем түрде бейнелеген. Бұл тәсілі арқылы автор адам рухының ұлылығы мен төзімділігін сипаттайды. К. Күйіков Семей ядролық сынақ полигонына қатысты картиналарының басым бөлігінде ашық, жылы түстердің сирек қолданып, қараңғы, суық және тұманды көріністерді бейнелейді, бұл болашаққа деген белгісіздік пен өмір ауыртпашылығын білдіреді. Автор көркем өнер туындылар арқылы ядролық сынақ зардаптарын бейнелеп, ядролық қаруға тыйым салуды насихаттайды. Оның туындылары сурет өнері ғана емес, адамзаттың бейбіт өмір сүруге деген құқығын қорғауға арналған үндеу ретінде бағалауымызға болады.

Семей ядролық сынақ полигонына арналған кинотуындылар: деректілік пен көркемдік болмыс

Тарихи маңызы бар оқиғаларға негізделген кинотуындылар ұлттың және жалпы адамзаттың тарихи жадысын сақтау құралы. Тарихи оқиғаны кинотуындыға айналдыру күрделі шығармашылық, әрі тарихи дәлдік пен көркемдік интерпретация арасындағы тепе-теңдікті сақтауды талап ететін маңызды процесс. Кинотуындыда тарихты тек құжат ретінде жеткізіп қоймай, көрерменге оқиғаны терең сезінуге, одан сабақ ала отырып, деректілік пен көркем



қиялдың үйлесімі нәтижесінде ғана жүзеге асады. Мағынасы терең, әрі шынайы кинотуындылардың пайда болуы бірнеше кезеңдерден тұрады. Архив материалдарын, күнделіктер мен естеліктер жинақталып, тарихшылармен, сарапшылармен кеңесу арқылы оқиғаның шынайылығы да басшылыққа алынады. Тарихи оқиғаның саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайлары терең зерттеуден өтеді. Осы тұрғыдан алғанда Семей полигонын кинотуындылар арқылы таспалау тарихи дәлдікті, шынайылықты, үлкен тәжірибе мен шеберлікті талап ететін күрделі процесс. Бүгінде Семей ядролық полигонының жабылғанына 30 жылдан астам уақыт өтіп, бұл тарихи оқиға талай кинотуындының пайда болуына негіз болды.

Семей полигонына арналған фильмдер ядролық сынақтың қоғамға, экологияға және адам тағдырына, денсаулығына тигізген ауыр зардаптарын терең түсінуге негізделеді. Кинотуындылар ішкі құрылымы мен өзіндік ерекшеліктеріне, мазмұны мен шынайылық деңгейіне қарай көркемдік туындылар және деректік фильмдер болып топсатырылып, бірнеше отандық және шетелдік кино туындыларда көрініс тапқан. Кинотуындылардың негізгі идеясы - ұрпақтар арасындағы тарихи жадыны сақтауға және болашақта мұндай қасіреттердің қайталанбауын насихаттайды.

Семей ядролық сынақ полигоны туралы алғашқы деректі фильмнің бірі, 1990 жыл жарыққа шыққан «Ядерный полигон (1990)» [30]. Бұл фильмде жер үсті және жер асты ядролық жарылыстарының қуатты әсері, сынақ алаңындағы дайындық және ядролық жарылыстарды жүргізу әдістері туралы кеңінен баяндалады. Фильмде 1949 жылдан басталған Семей ядролық сынақ полигонының құрылу тарихы және оның әлемдегі ең ірі ядролық сынақ орталықтарының бірі ретіндегі тарихи маңыздылығы ашып көрсетіледі.

Деректік фильмде радиацияның аймақ экологиясы мен жергілікті тұрғындардың денсаулығына тигізген әсері туралы маңызды ақпарат ұсынылған. «Ядерный полигон (1990)» деректі фильмінің басты сюжеті Семей ядролық полигонында жүргізілген ядролық сынақтардың салдарын терең талдау болып табылады. Фильмде сәуле ауруы, қатерлі ісік және генетикалық мутациядан зардап шеккен адамдардың шынайы оқиғалары, ядролық сынақтың топырақтың, судың және ауаның радиоактивті ластануы арқылы экологияға тигізген кері әсері де жан-жақты баяндалады. Куәгерлердің сұхбаттары, мұрағат материалдары және сарапшылардың түсініктемелері арқылы фильм сынақтан зардап шеккен тұрғындардың ауыр тағдыры мен төзімділігін ашып көрсетуге тырысқан. Деректік фильм ядролық технологияны пайдалануға саналы көзқарас пен оның салдары үшін маңызды жауапкершілік қажеттілігін еске салады. Аталмыш деректік фильм Семей ядролық полигоны туралы алғашқы туындылардың бірі болғандықтан қоғам арасындағы полигон туралы ақпараттың кең көлемде таралуына ықпалын тигізді.

Семей полигонына арналған тағы бір кинотуынды режиссер Қайрат Нурмуғамбетовтың басшылығымен түсірілген «Полигон» деректі фильмі [31]. Бұл фильм Семей ядролық полигонының ауыр зардаптарын бейнелейтін және халықтың тарихындағы қайғылы кезеңді суреттейтін ерекше туынды. Фильмде Кеңес одағы басшыларының сынақты халықтың келісімінсіз жүргізуі қатаң сынға алынып, полигонның қоршаған ортаға, халық денсаулығына, экономикасына тигізген әсері баяндалады. Фильмнің негізгі мақсаты ядролық қарудың



қауіптілігін халыққа жеткізу. Деректік фильмде онколог, генетик, психиатр, эколог, физик және т.б мамандар сынақ салдары туралы өз пікірлерімен бөліседі. Полигон аумағындағы адамдарда қатерлі ісік, туа біткен патологиялар, генетикалық өзгерістердің пайда болуы туралы нақты деректер ұсынылады. Жергілікті халықтың әлеуметтік деңгейінің нашарлауы, ауру-сырқаудың күрт көбеюі мен аймақ тұрғындарының әлеуметтік қолдауға мұқтаждығы көрсетіледі. Фильмде ядролық сынақтардың зардабын көрген азаматтармен сұхбат жүргізілген. Сонымен қатар, Невада-Семей қозғалысының ядролық қаруға қарсы күресі, бейбітшілікті сақтаудағы рөліне де жеке тоқталған. Деректі фильм қатардағы полигон туралы кинотуынды, тарихи дерек ғана емес, ядролық сынаққа қарсы күрестің маңызды идеологиялық құралы десек болады. Режиссер кинотуынды арқылы көрермендерге ядролық қару сынақтарының қасіретін ашып көрсете отырып, бейбіт өмірдің құндылығын, ядролық қарудың жойқын күшін және ядролық сынақты қолданылуына жол бермеу маңыздылығын көрсетеді.

Кеңес кезеңінде полигонға қатысты кей деректік фильмдер (бейнежазба) арнайы тапсырыспен әзірленгенін де көруімізге болады. Оған мысал ретінде тоғыз бөлімнен тұратын «Ядерный полигон» бейнежазбасын айтуымызға болады. Бұл бейнежазбалар Кеңес Одағы кезеңінде тек қызметтік мақсатта пайдаланылған *(сілтеме арқылы барлық бейнежазбаның толық нұсқасын көре аласыздар)*² Фильмде ядролық сынақтар туралы кеңінен баяндайды. Семей полигонына арнайы түсірілген деректі фильмдердің қатарын толықтырған тағы бір фильм 2008 жылы түсірілген «Опыт» кинотуындысы [32]. Бұл деректік фильмнің бір тобына жататын құжаттық фильм қатарына жатқызуға болады. Фильмнің басты сюжеті Семей ядролық сынақ полигонының салдарын зерттейді. Семей полигонында болған нақты оқиғалар мен зардап шеккен адамдардың және олардың ұрпақтарының, экологияның жай-күйі туралы маңызды мәліметтер ұсынады. Сондай-ақ, ядролық сынақтардың әлеуметтік-экологиялық салдарын ғылыми дәлелдер арқылы түсіндіреді. Радиация құрбаны болған адамдардың трагедиялары зерттеледі.

Ядролық сынақтар тек әскери ғана емес, ғаламдық экологиялық және гуманитарлық маңызы жоғары проблемалардың туындауына әсер ететін үлкен фактор ретінде қарастырылады. Деректік-құжаттық кинодағы архивтік кадрлар мен ескі фотосуреттер мен бейнежазбалар оқиғаның тарихи маңыздылығын көрсетеді. Құжаттық фильмде сынақ құрбандарының ғылым мен саясаттың жансыз машинасы алдындағы дәрменсіз тағдыры суреттеледі. Сынақ құрбандарының деректік айғақтары мен жүргізілген сынақтың ескертусіз, адам

² Ядерный полигон. Часть 1 https://www.youtube.com/watch?v=O_jiYATm4Gw; Ядерный полигон. Часть 2 <https://www.youtube.com/watch?v=u-UBK1AIgGU>; Ядерный полигон. Часть 3 <https://www.youtube.com/watch?v=70R4m5bt4Lc>; Ядерный полигон. Часть 4 <https://www.youtube.com/watch?v=s8jmvFvCwOs>; Ядерный полигон. Часть 5 <https://www.youtube.com/watch?v=IPgGgg34V1Y>; Ядерный полигон. Часть 6 <https://www.youtube.com/watch?v=d-Lo3sehXVQ>; Ядерный полигон. Часть 7 <https://www.youtube.com/watch?v=C22J7QUxIMI>; Ядерный полигон. Часть 8 https://www.youtube.com/watch?v=L_12rKdyPFY; Ядерный полигон. Часть 9 <https://www.youtube.com/watch?v=ErdmxOadKBg>



денсаулығына тигізер салдары ескерілмей іске асқандығы туралы радиацияның адам ағзасына тигізген кері әсерін зерттейтін ғалымдар мен экологтардың сұхбаттары ұсынылған.

Бүгінде ядролық сынаққа қатысты деректік фильмдермен қатар, бірнеше көркем туындылар халық назарына ұсынылған болатын. Семей ядролық полигонына арналған көркем фильмдердің бірі «Молитва Лейлы» фильмі [33]. Кинотуынды 2002 жылы «Қазақфильм» қолдауымен түсірілген, режиссері Сәкен Нарымбетов. Фильм қазақ жазушысы Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» романына негізінделген. Көркем туындыда Семей ядролық полигонының жанындағы Дегелен ауылы тұрғындарының ауыр тағдыры, ядролық сынақтың олардың денсаулығына және психологиясына тигізген зардаптары суреттеледі. Бұл фильмде ядролық сынақтардан зардап шеккен адамдардың өмірі және олардың тағдыр үшін күресі мен үміті бейнеленген.

Сәкен Нарымбетов «Молитва Лейлы» фильмі арқылы Семей полигонының трагедиясын, ядролық сынақтың адамзатқа, табиғатқа қалыпқа келмейтін кері әсерін ашып көрсетуге тырысқан. Фильмде ауыл тұрғындарының сынақтың алғашқы кезеңдеріндегі өмір тіршілігі, олардың ядролық сынақ туралы бейқамдығы, радиация зиянын тиісті деңгейде сезінбеуі, одан қорғанбауы және бұл әрекеттері өз кезегінде олардың өміріне ауыр зардаптар әкелендігі суреттеледі. Фильмнің басты кейіпкері – Ләйлә. Кинотуындыда Ләйланың жеке өмірі ғана емес, ядролық сынақтан өмірі өзгеріп, денсаулығы нашарлаған басқа да кейіпкерлердің қиын тағдыры бейнеленеді.

«Молитва Лейлы» фильмі адамгершілік, мораль тұрғысынан өте маңызды туындылардың бірі. Киногер фильм арқылы Семей полигонындағы ядролық сынақтың әлеуметтік және экологиялық зардаптарын ашып көрсетеді. Ләйланың тағдыры арқылы қазақ ауылының өмірі, дәстүрі мен мәдениеті және сол дәстүрлерге қарсы тұрған заманауи әлеуметтік өзгерістерді ұғынуға бағыттайды.

«Молитва Лейлы» фильмі бұл тек Семей полигонындағы ядролық сынақтардың зардаптарын сипаттайтын фильм ғана емес, сонымен қатар адамгершілік, өмір мен өлім, махаббат пен үміт сияқты философиялық мәселелерді көрсететін көркем туынды. Кинотуындыда ядролық сынақ аймағы халқының аянышты тағдыры мен болашаққа деген үмітті көркемдік тұрғыда терең бейнеленген. Киногер тарихи оқиғаны шынайы суреттей отырып, көрерменге үлкен ой саларлық туынды ұсынғанын көруімізге болады.

Семей ядролық полигон құрбанына арнап түсірілген шетелдік деректі фильмнің бірі Spring Films Британдық кинокомпаниясының «Where The Wind Blew» деректі фильмі. Фильмнің бас кейіпкері - қарағандылық суретші және антиядролық қозғалыстың белсенді мүшесі Кәріпбек Куюков. Фильм режиссері британдық Андре Сингер. Фильм сюжеті туралы К.Куюков өз сұхбатында былай баяндайды: «...Картина менің сурет салуымнан басталады. Деректі фильм 2016 жылы түсірілді. Фильмде Невада-Семей антиядролық қозғалысының Қарағанды бөлімшесінің төрағасы Марғұлан Хамиев, жазушы Михаил Бродский, полигондағы жарылыстан мүгедек болған Семей тұрғыны Берік Сыздықовтың өмірі туралы да баяндалады [34]



Қазақстандағы Семей ядролық полигонындағы сынақ тарихы мен оның зардаптарына қатысты түсірілген тағы бір шетелдік құжаттық фильм: «50 часов в самом ядерном месте на Земле (стерто с карт)». Деректік фильмді канадалық «Yes Theogy» ютуб арнасы Абай облысындағы Курчатова қаласында түсірген. Аталмыш видео үш күнде бір миллионнан астам қаралым жинаған [35]. Деректік фильмде (бейнерепортаж) Семей полигонынан зардап шеккен тұрғындардың ой-пікірі, олармен жүргізілген сұхбаттар және өңір тұрғындарының ядролық сынақтардан тартқан ауыртпалықтары туралы баяндалады. Фильм атауындағы «Стерто с карт» фразасы қазіргі таңдағы Семей полигонының құпиясын ашу және тарихын жаңарту мағынасын сипаттайды. Бұл фильм ядролық сынақтардың қоғамдық, экологиялық және психологиялық зардаптарын түсінуге мүмкіндік береді. Аталмыш деректік фильм ядролық қаруды тоқтатуға шақырып, оны қолдануға қарсы тұруға насихаттайды.

Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанының 30 жылдығына орай, бірнеше отандық кинотуындылар жарыққа шыққан болатын. Соның бірі 2019 жылы «Хабар» телеарнасының қолдауымен түсірілген «Полигон» атты драмалық телесериал [36]. Сериал режиссері және продюсері - **Ахат Ибраев**. Кинотуындының сюжеті тарихи тұлғалардың ядролық сынақты тоқтатудағы саяси қызметін тереңірек көрсетуге бағытталады. Фильмде Семей полигонындағы ядролық сынақтың қоғам мен адамға тигізген әсері және осы оқиғалардың артында тұрған шынайы трагедиялар көрсетіледі. Сериал бірнеше негізгі кейіпкерлердің айналасында жалғасады. Телесериалдағы басты кейіпкерлер: Қазақстан Компартиясы Семей облыстық комитетінің бірінші хатшысы Кешірім Бозтаев, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г. Колбин, Невада-Семей қозғалысының жетекшісі О. Сүлейменов және ҚазКСР Министрлер Кеңесі, одан кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы және Республиканың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев және Семей полигонының сынақтарына қатысқан әскери қызметкерлер, ғалымдар мен сынақ құрбанына айналған жергілікті тұрғындар. Телесериал ядролық сынақ тарихымен ғана шектелмей, әр түрлі әлеуметтік, саяси топтар арасындағы қарама-қайшылықтармен күрес, сынақтарға қатысқан адамдардың ішкі сезімдері мен өмірге деген көзқарастары да басты назарға алынған. «Полигон» сериалы Семей ядролық полигон тарихын терең зерттеуге мүмкіндік береді және еліміздің ядролық сынаққа қатысты тарихын, оның қоғамға тигізген әсерін кейінгі ұрпаққа насихаттай отырып, халықтың ядролық сынаққа деген көзқарасын өзгертуді мақсат еткені байқалады. Сериалда қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және экологиялық мәселелер талданып, деректік туынды арқылы болашақ ұрпақтың өз тарихын білуге бағыттайды.

Қорытынды

Зерттеуде көркем мәтін интерпретациясы және интертекстуалдық талдау әдістерін қолдану арқылы Семей сынақ полигонының қазақ әдебиеті мен өнеріне тигізген әсері талданды. Әдеби шығармалар, деректі фильмдер мен бейнелеу өнері туындылары ядролық сынақтың адамзатқа тигізген әсерін, қоғамның әлеуметтік және мәдени санасына жасаған ықпалын шынайы, әрі эмоционалды түрде бейнелей алған.



Семей полигонының бейнесі әдеби шығармаларда адам тағдыры, экологиялық апат және рухани құндылықтар тұрғысынан қарастырылса, бейнелеу өнерінде бұл оқиға символдық образдар мен эмоционалды түстер арқылы жеткізілген. Деректі фильмдер арқылы ядролық сынақтардың нақты зардаптарын, тарихи және әлеуметтік контекстін тереңірек түсінуге мүмкіндік алдық. Әдеби-көркем шығармаларды зерттеу нәтижесінде деректік фактілердің көркем интерпретациялармен байналысы, полигонның қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымына, қоғам мен болмысына тигізген әсері кеңінен қарастырылды. Авторлар әртүрлі жанрлар мен стильдер арқылы радиацияның адамдардың денсаулығы мен тағдырына, өмірдің мәдени және әлеуметтік аспектілеріне тигізген ықпалын ашып көрсетуге тырысқан.

Зерттеу барысында әр түрлі жанрларда жазылған шығармалар тарихи дискурс әдісі негізінде талданды. Семей ядролық сынақ полигоны әдебиет пен өнерде қоғамдық сананы қалыптастырудағы негізгі құралы және ядролық қаруға қарсы жаһандық үндеудің бір бөлігі ретінде назарға алынған. Семей полигонын көркем өнерде интерпретациялау – бұл тек тарихи трагедияны еске алу ғана емес, қазіргі және болашақ ұрпаққа үлкен жауапкершілік жүктей отырып, бейбітшілік пен экологиялық қауіпсіздікке деген жаңа көзқарас қалыптастырудың маңызды жолы болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Stegnar, P., Wrixon, T. Semipalatinsk revisited; radiological evaluation of the former nuclear test site. International Atomic Energy Agency Bulletin. 40(4). 1998. 12-14 <https://www.iaea.org/sites/default/files/publications/magazines/bulletin/bull40-4/40405081214.pdf>

[2] К. Бозтаев. Семей полигоны. Қайнар қасіреті. Алматы: Қазақстан, 1997. - 296

[3] М. Сәрсекке. Семей қасіреті: деректі тарихи хикаят. Соңғы нұсқа, толықтырылған. Алматы: Қазығұрт баспасы, 2019. - 688 б.

[4] Е. Титаев. Журавли на полигоне: рассказы // Простор. 2013. - №6. - с.3-44

[5] А.Д. Жариков. Полигон смерти. Экологический триллер. М.: Гея, 1997. - 187 с.

[6] В. Г. Кобрин. Семипалатинская трагедия: пацифистский сборник. - Семипалатинск: Полиграфия, 2000. - 56 с.

[7] Ю. Литвак. Семипалатинск – ядерный полигон // Электронный ресурс. - <http://www.proza.ru/2011/07/24/737>

[8] Б. Тілегенов. Сексен алтыншы жыл. Қара жел. Роман. Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2017. - 480 б.

[9] Р.Нұрғали. Үш аяқты құлын. Электронды ресурс: <https://argymaq.kz/archives/375>

[10] С. Оразалин. Сталин өлген жыл // Қазақстан жазушыларының әдеби-әлеуметтік журналы. Электронды ресурс: <https://juldyz.info/s%D2%B1ltan-orazalin-stalin-%D3%A9lgen-zhyl/>

[11] С. Досжан. Қасірет пен тағдыр. Нұрсұлтан: Фолиант, 2019. - 316 б.

[12] С. Досжан. Үзілмеген үміт: «Қасірет пен тағдыр» романының екінші кітабы. Алматы: Нұрлы әлем, 2021. - 336 б.



- [13] Р. Мұқанова. Мәңгілік бала бейне. Алматы: Мазмұндама, 2022. - 271 б.
- [14] Н. Ораз. Жылқының көз жасы // Әдеби портал. Электронды ресурс: https://adebiportal.kz/kz/news/view/nurgali-oraz-zylqynyn-koz-zasy-angime__12321
- [15] Д. Рамазан. Соңғы дем. Электронды ресурс: https://el.kz/content-30959_20062/
- [16] Ұ. Есдәулет. 2 томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 2006. Т.1. 392 б.
- [17] Т. Әбдікәкімов. Шығармалары. Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігі. - Астана : Фолиант, 2013.
- [18] С. Исса. Наш Кешрим Бозтаев // Правда Казахстана. - 10 июня 2010. № 22 (394). С. 18-19.
- [19] Қ. Сімәділ. Семей полигоны – қасірет ошағы // Қазақ әдебиеті порталы. Электронды ресурс: <https://qazaqadebieti.kz/8576/semej-poligony-asiret-osha-y>
- [20] Ғ. Ұзақ. «Мәңгілік бала бейне» - қасіретке толы шығарма. Электронды ресурс: <https://massaget.kz/teatr/manglk-bala-beyne-kasretke-tolyi-shyigarma-1340/>
- [21] Л. Шашкова. Журавли над полигоном. // Казахстанская правда. 23 июля 2013. Электронный ресурс: <https://kazpravda.kz/n/zhuravli-nad-poligonom/>
- [22] К. Муллашев. Кітап-альбом. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.- 480 б.
- [23] К. Муллашев. Картины в духе наивный реализм, Постимпрессионизм, Модерн, Символизм. Электронный ресурс: <https://kamilmullashev.com/gallery/3.html>
- [24] Художник Семипалатинского полигона. Информационный портал. Электронный ресурс: <https://inva.kz/2019/04/10/hudozhnik-semipalatinskogo-poligona/>
- [25] Многострадальная земля Семипалатинска в картинах жертвы радиоактивного облучения. Электронный ресурс: <https://almaty.tv/ru/news/kultura/1600-zagublennaya-ekologiya-i-mnogostradalnaya-zemlya-semipalatinska-v-kartinakh-dgertvy-radioaktivnogo-oblucheniya>
- [26] Подарок Обама и всем главам ядерных держав. Картины Карипбека Куюкова. Электронный ресурс: <https://tengrinews.kz/fotoarchive/podarok-obame-vsem-glavam-yadernyih-derjav-kartinyi-813/>
- [27] К. Куюков. Я родился без рук. Посвящается 25-й годовщине закрытия Семипалатинского ядерного полигона. Электронный ресурс: <https://tengrinews.kz/article/rodilsya-ruk-posvyaschaetsya-25-y-godovschine-zakryitiya-368/>
- [28] В память о полигоне...Электронный ресурс: <https://patriotnews.kz/v-pamyat-o-poligone/>
- [29] Karipbek Kuyukov's works. Qazaqstan tarihy. Электронный ресурс: <https://e-history.kz/en/photosets/show/22877>
- [30] Ядерный полигон. Электронный ресурс: <http://dokumentalkino.net/sovremennaya-istoriya/1810-yadernyy-poligon-1990.html>
- [31] Фильм «Полигон». Электронный ресурс: <https://polygon.vlast.kz/film>
- [32] Документальный фильм «Опыт». Семипалатинский Ядерный Полигон. Электронный ресурс: <https://www.youtube.com/watch?v=evNFVFscE6s>
- [33] Молитва Лейлы. Электронный ресурс: <https://www.kino-teatr.ru/kino/movie/post/8497/online/>



[34] Куда дул ветер: Британский фильм о ядерных испытаниях в Казахстане показали в Караганде. Электронный ресурс:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda/press/news/details/306138?lang=ru>

[35] 50 часов в самом ядерном месте на Земле (стерто с карт). Электронный ресурс: <https://www.youtube.com/watch?v=s0kzpMSRfrk>

[36] Телесериал «Полигон». Электронный ресурс:

https://www.youtube.com/watch?v=4Z3Gm_2XU_U

REFERENCES

[1] Stegnar, P., Wrixon, T. 1998. Semipalatinsk revisited; radiological evaluation of the former nuclear test site. International Atomic Energy Agency Bulletin 40(4): 12-14 <https://www.iaea.org/sites/default/files/publications/magazines/bulletin/bull40-4/40405081214.pdf>

[2] K. Boztaev. Semei poligony. Qainar qasireti [Semipalatinsk test site. The tragedy of Kaynar]. Almaty: Qazaqstan, 1997. - 296 p.

[3] M. Sarseke. Semei qasireti: derekti tarikhi khikaiat [The Semipalatinsk tragedy: a documentary historical story]. Songy nuska, tolyktyrylgan. Almaty: Qazygurt baspasy, 2019. - 688 b.

[4] E. Titaev. 2013. Zhuravli na poligone: rassказы [Cranes at the Firing Range: Stories] // Prostor. 2013. - №6.- s.3-44

[5] A.D. Zharikov. Poligon smerti. Ekologicheskii triller [The Death Range. Ecological Thriller]. M.: Geia, 1997. - 187 s.

[6] V. G. Kobrin, Semipalatinskaia tragediia: patsifistskii sbornik [Semipalatinsk Tragedy: A Pacifist Collection]. Semipalatinsk: Poligrafia, 2000. - 56 s.

[7] Y. Litvak. Semipalatinsk – iadernyi poligon [Semipalatinsk - nuclear testing ground] // Elektronnyi resurs. <http://www.proza.ru/2011/07/24/737>

[8] B. Tilegenov. Seksen altynshy zhyl. Qara zhel [Eighty-sixth year. Black wind]. Roman. Almaty: Daur-Kitap, 2017. - 480 b.

[9] R. Nurgali. Ush aiaqty qulyn [Three-legged colt]. Elektronnyi resurs: <https://argymaq.kz/archives/375>

[10] S. Orazalin. Stalin olgen zhyl [The year Stalin died]// Qazaqstan zhazushylarynyn adebi-aleumettik zhurnaly. Elektronnyi resurs: <https://juldyz.info/s%D2%B1ltan-orazalin-stalin-%D3%A9lgen-zhyl/>

[11] S. Doszhan. Qasiret pen tagdyr [Misery and fate]. Nuursultan: Foliant, 2019. - 316 b.

[12] S. Doszhan. Uzilmegen umit: «Qasiret pen tagdyr» romanynyn ekinshi kitaby [Unbroken Hope: Book Two of the Novel "Misery and Destiny"]. Almaty: «Nurly alem», 2021. - 336 b.

[13] R. Muqanova. Mangilik bala beine [Eternal child video]. Almaty: Mazmyndama. 2022. - 271 b.

[14] N. Oraz. Zhylqynyn koz zhasy [Horse's tears] // Adeb portal. Elektronnyi resurs: https://adebiportal.kz/kz/news/view/nurgali-oraz-zhylqynyn-koz-zasy-angime__12321

[15] D. Ramazan. Songy dem [Last breath]. Elektronnyi resurs: https://el.kz/content-30959_20062/

[16] U. Esdaulet. 2 tomdyq tandamaly shygarmalar [Selected works in 2 volumes]. Almaty: Zhazushy, 2006. T.1. - 392 b.



- [17] T. Abdikakimov. Shygarmalary [Creations]. Shygys Qazaqstan oblystyq akimidigi. - Astana: Foliant, 2013.
- [18] S. Issa. Nash Keshrim Boztaev [Our Keshrim Boztayev] // Pravda Kazakhstan. 10.06. 2010. № 22 (394). s. 18-19.
- [19] K. Simadil. Semei poligony – kasiret oshagy [Semipalatinsk test site - a hotbed of tragedy] // Qazaq adabiety portaly. Elektronnyy resurs: <https://qazaqadabiety.kz/8576/semej-poligony-asiret-osha-y>
- [20] G. Uzaq. «Mangilik bala beine» - qasiretke toly shygarma ["Eternal Child" is a work full of tragedy]. Elektronnyy resurs: <https://massaget.kz/teatr/manglik-bala-beyne-kasiretke-tolyi-shygarma-1340/>
- [21] L. Shashkova. Zhuravli nad poligonom [Cranes over the landfill] // Kazakhstanskaia pravda. 23 iulia 2013. Elektronnyy resurs: <https://kazpravda.kz/n/zhuravli-nad-poligonom/>
- [22] K. Mullashev. Kitap-albom [Book-album]. Nur-Sultan: Foliant, 2020. - 480 b.
- [23] K. Mullashev. Kartiny v dukhe naivnyii realizm, Postimpressionizm, Modern, Simvolizm [Paintings in the spirit of naive realism, Post-Impressionism, Art Nouveau, Symbolism.] Elektronnyy resurs: <https://kamilmullashev.com/gallery/3.html>
- [24] Khudozhnik Semipalatinskogo poligona [Artist of the Semipalatinsk test site]. Informatsionnyi portal. Elektronnyy resurs: <https://inva.kz/2019/04/10/hudozhnik-semipalatinskogo-poligona/>
- [25] Mnogostradalnaia zemlia Semipalatinska v kartinakh zhertvy radioaktivnogo oblucheniiia [The Long-Suffering Land of Semipalatinsk in the Paintings of a Victim of Radiation Exposure]. Elektronnyy resurs: <https://almaty.tv/ru/news/kultura/1600-zagublennaya-ekologiya-i-mnogostradalnaya-zemlya-semipalatinska-v-kartinakh-dgertvy-radioaktivnogo-oblucheniya>
- [26] Podarok Obame i vsem glavam iadernykh derzhav [A gift to Obama and all the heads of nuclear powers]. Kartiny Karipbeka Kuiukova. 2016. Elektronnyy resurs: <https://tengrinews.kz/fotoarchive/podarok-obame-vsem-glavam-yadernyih-derjav-kartinyi-813/>
- [27] K. Kuiukov. 2016. Ia rodilsia bez ruk. Posviashchaetsia 25-i godovshchine zakrytiia Semipalatinskogo iadernogo poligona [I was born without arms. Dedicated to the 25th anniversary of the closure of the Semipalatinsk nuclear test site]. Elektronnyy resurs: <https://tengrinews.kz/article/rodilsya-ruk-posvyaschaetsya-25-y-godovshchine-zakryitiya-368/>
- [28] V pamiat o poligone... [In memory of the training ground]. Elektronnyy resurs: <https://patriotnews.kz/v-pamyat-o-poligone/>
- [29] Karipbek Kuyukov's works. Qazaqstan tarihy. Elektronnyy resurs: <https://e-history.kz/en/photosets/show/22877>
- [30] Iadernyi polygon [Nuclear test site]. 1990. Elektronnyy resurs: <http://dokumentalkino.net/sovremennaya-istoriya/1810-yadernyy-poligon-1990.html> [in Russian]
- [31] Film «Poligon» [Film "Polygon"]. Elektronnyy resurs: <https://polygon.vlast.kz/film>



[32] Dokumentalniy film «Opyt» [Documentary film "Experience"]. Semipalatinskii Yaderniy Poligon. Elektronnyi resurs: <https://www.youtube.com/watch?v=evNFVFscE6s>

[33] Molitva Leily [Layla's Prayer]. Elektronnyi resurs: <https://www.kino-teatr.ru/kino/movie/post/8497/online/>

[34] Kuda dul veter: Britanskiy film o yadernykh ispytaniyakh v Kazakhstane pokazali v Karagande [Where the Wind Blew: British Film on Nuclear Tests in Kazakhstan Shown in Karaganda]. Elektronnyi resurs: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda/press/news/details/306138?lang=ru>

[35] 50 chasov v samom yadernom meste na Zemle (sterto s kart) [50 Hours in the Most Nuclear Place on Earth (Erased from Maps)]. Elektronnyi resurs: <https://www.youtube.com/watch?v=s0kzpMSRFrk>

[36] Teleserial «Poligon» [Television series "Polygon"]. Elektronnyi resurs: https://www.youtube.com/watch?v=4Z3Gm_2XU_U

Мамырбеков А.М., Жәнібек М.М, Оспанова А.К
НАСЛЕДИЕ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОЛИГОНА: ПЕРЕСЕЧЕНИЕ
ИСТОРИЧЕСКОЙ ПРАВДЫ И КУЛЬТУРНОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИИ

Аннотация. В научной статье рассмотрено отражение Семипалатинского ядерного полигона в произведениях литературы и искусства на основе метода исторического дискурса. Последствия ядерных испытаний для общества и их роль в формировании исторической памяти анализируются с точки зрения творческой интерпретации. Анализ художественных произведений, документальных фильмов и произведений изобразительного искусства, посвященных Семипалатинскому ядерному полигону. В работе с использованием методов исторического нарратива, интертекстуального анализа и компаративистики (сравнительного метода) исследуется, в каком контексте и с какой смысловой направленностью используется образ ядерного полигона, а также определяется их историко-культурная значимость. Применение указанных научных методов позволило на научной основе проанализировать взаимосвязь между образом полигона в произведениях искусства и исторической реальностью. В статье рассмотрены интерпретация художественных текстов и вопросы осмысления на основе литературоведения и герменевтики. Также проведен обзор документальных фильмов, направленных на понимание опыта ядерных испытаний, вызывающих эмоциональный отклик. Объектами исследования выступают литературные произведения, художественные картины и кинопроизведения. Для интерпретации результатов исследования проведен анализ литературных трудов, которые классифицированы по нескольким направлениям. Изучение истории Семипалатинского ядерного полигона и его отражения в искусстве способствует возрождению исторической памяти общества, укреплению межкультурного диалога и достижению исторической справедливости.

Ключевые слова: История Семипалатинского ядерного полигона; историческая память; художественная литература; изобразительное искусство; ядерные испытания.



Мамырбеков А.М., Зханібек М, Оспанова А.К
**THE LEGACY OF THE SEMIPALATINSK TEST SITE: THE INTERSECTION
OF HISTORICAL TRUTH AND CULTURAL INTERPRETATION**

Annotation. The scientific article examines the representation of the Semipalatinsk Nuclear Test Site in literary and artistic works based on the method of historical discourse. The consequences of nuclear testing for society and their role in shaping historical memory are analyzed from the perspective of creative interpretation. Analyze artistic works, documentary films, and visual art pieces dedicated to the Semipalatinsk Nuclear Test Site. Using methods of historical narrative, intertextual analysis, and comparative analysis, the study explores the context and semantic direction in which the image of the nuclear test site is used, as well as determines its historical and cultural significance. The application of these scientific methods allowed for a systematic analysis of the relationship between the representation of the test site in works of art and historical reality. The article addresses the interpretation of literary texts and issues of comprehension based on literary studies and hermeneutics. A review of documentary films, aimed at understanding the emotional impact of nuclear testing, is also provided. The objects of the study include literary works, artistic paintings, and cinematographic productions. To interpret the research results, an analysis of literary works was conducted and categorized into several directions. The study of the history of the Semipalatinsk Nuclear Test Site and its reflection in art contributes to the revival of society's historical memory, the strengthening of intercultural dialogue, and the achievement of historical justice.

Keywords: Semipalatinsk test site; historical memory; artistic literature; visual art; nuclear testing.